



МҰРДАВ- ҚАЗАЛЫ

№81
(2252)
Сенбі
28 қыркүйек
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МӘЖІЛІСТЕ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ЖОЮ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен өткен мәжілісте су тасқыны салдарын жою және олардың алдын алу туралы мәселе қаралып, тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

Жиын басталмас бұрын аудан әкімі ауданда орын алған кадрлық өзгерістерге тоқталып, аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігерінің міндетін атқарушы болып тағайындалған Әліпов Қадырбек Раманқұлұлын мәжіліске қатысушыларға таныстырды. Сонымен қатар, алдағы жаңа қызметіне сәттілік тілеп, ауданның денсаулық сақтау саласының дамуы мен тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруда белсенді қызмет етеді деп сенім

білдірді. Сондай-ақ бұған дейін аудандық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарып келген Бақытгүл Әлмәмбетқызы Әлішеваны құрметті зейнеткерлік демалысына шығуымен құттықтап, Қазалы ауданының Құрмет грамотасын табыстады.

Мұнан соң аудан әкімі күн тәртібіндегі мәселеге көшіп, ауданда су тасқынының алдын алу бойынша жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өздеріңіз білесіздер, осы жылдың көктемінде ауарайының бірден жылып кетуі, қар суының еруі және жауын шашынның мол болуынан еліміздің 12 аймағында су тасқыны орын алды. Осындай ахуал біздің өңірімізде орын алмас үшін кез-келген жағдайға тас-түйін дайын отыруымыз қажет. Оның ішінде бүгінгі таңдағы Сырда-

рия өзені арқылы жоғарыдан келіп жатқан аз мөлшердегі суға немқұрайлылық танытпай, қорғаныс бөгеттерінің жағдайын тұрақты бақылауда ұстап отыру керек, - деді аудан басшысы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Сырдария өзеніндегі қорғаныс бөгеттерінің жағдайы туралы «Қазалысушар» өндірістік учаскесі басшысының орынбасары Жанбай Садық пен су тасқынының салдарынан орын алу ықтимал төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев баяндама жасады.

Жиын соңында аудан басшысы Сырдария өзеніне жақын орналасқан елді мекендерде су басу қаупінің алдын алу

шараларын үнемі қадағалап, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, төтенше жағдайлардың алдын алу-да жұмылдырылатын арнайы техникаларының дайындығын пысықтауға қатысты тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте мұнан кейін аудандағы күзгі егін жинау барысы туралы мәселе қаралып, бұл бойынша аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндама жасады.

Баяндамашыдан кейін аудан әкімі жаздайғы дала еңбеккерлерінің еңбегін ысырап қылмай, төгіп шашпай, күн райының жағдайына қарап, тезірек қамбаны астыққа толтырып алу жөнінде жауаптыларға нақты тапсырмалар берді.

АУДАН ӘКІМІ ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ СПОРТ АЛАҢДАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН КӨРДІ



Бүгінгі таңда аудан орталығы – Әйтеке би кентінде 20-дан астам жасанды спорт алаңдары болса, оның біршамасының жағдайы көңіл көншітпейді. Себебі сол аймақтағы тұрғындардың спорт алаңдарын күтіп ұстамауы салдарынан алаңдар жарамсыз күйге ұшыраған. Бұған қатысты аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет спорт саласына қатысты өткен жиында аудан орталығы мен елді мекендердегі алаңдарды күтіп ұстаумен айналысатын арнайы адам бекіту жөнінде де тапсырма берген болатын.

Осыған сәйкес, аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі жасанды спорт алаңдарын аралап,

олардың жай-күйін көрді. Сондай-ақ, Әйтеке би кентінің әкімі мен аудандық спорт бөлімінің басшысына алаңдардың жай-күйін саралап, демеушілік есебінен спорт алаңдарын қайта қалпына келтіру жөнінде және уақытылы күтіп ұстауға қатысты бірқатар тапсырмалар берді.

Аудан басшысы спорт алаңдарын аралау барысында Жалаңтөс баһадүр атындағы орталық стадионның жағдайын көріп, аудандық спорт бөлімінің басшысына алдағы уақытта орталық стадионға да жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті шараларды қолға алу керектігін айтты.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ӘУЛЕТІ



Теміржолшы- бұл атаудың қатарында машинист, жолшы, жолсерік сияқты жұмысшылар, инженер, диспетчер, станция, вокзал мен бөлімшелер бастығы сияқты қызметкерлер бар. Бірі қара күшті қажет ететін жағында, енді бірі зерделі зейін мен жедел әрекетті талап ететін сатыларында жұмыс істейді. Мен әңгіме еткелі отырған теміржолшылар әулеті үш аталығынан бері шойын жолдың бойында қызмет етіп келе жатқан, өсіп-өнген өнегелі Торановтар отбасы. Әулеттің әкесі Торанов Ордағұл 1917 жылы Арал ауданы, Бекбауыл стансасында дүниеге келген. Жастайынан отбасы қиындығын мойнымен көтерген балаң жігіт 18 жасынан Қазалы теміржолында еңбек жолын бастаған. 1943-1946 жылдары Ұлы Отан соғысынан зардап шеккен теміржол бойын қайтақалпына келтіруге атсалысқан. 1946 жылдан – 1977 жылға дейін теміржол саласында жолшы болып, 42 жыл жұмыс істеп, зейнетке шыққан. 1946 жылы теміржолшы қыз Ақжарқын анамызбен бас қосып, өмірге жеті перзент әкелген. Ордағұл ақсақалдан тараған үш қыз бүгінде бір- бір шаңырақтың ақ самайлы әжесі атанып, ұрпақта өсіп отырса, төрт ұлы төрт шаңырақтан түтін түтеткен бір-бір әулет.

Теміржолшы әулетінің ортаншы баласы Торанов Қуаңбай Ордағұлұлы әулеті жайлы былай деп ой бөлісті. «Біз әкемізден бастап, үшінші ұрпақты қосқанда теміржол саласындағы еңбек ди-настиямыз төрт жүз жылды құрайды. Әкем 42 жыл жұмыс істесе, шешем Торанова Ақжарқын соғыс уақытында бес жыл жол бұрушы болып еңбек еткен. 1925 жылы туылған әкемнің інісі Торанов Махсұт Қазалы ауданындағы теміржол са-ласында 1945-1985 жылда-ры 40 жыл еңбек етсе, ағам Ордағұлұлы Қуаныш ШЧ-40 мекемесінде 1967 жылдан бастап 45 жыл жұмыс істеп, 2012 жылы зейнетке шықты. Інім Ордағұлұлы Қуандық

пен Қуантқан Қазалы ауданында ПЧ-60 мекемесінде 1980 жылдан-2023 жылға дейін 42 жыл қызмет жасап, бүгінде бейнетінің зейнетін көруде. Олардан өрбіген Ақниет пен Рустем, Жасұлан мен Мұхтар, Ерболатта осы теміржол саласының ма-мандары.

- Өзім 1953 жылы 20 қыркүйекте Қызылорда об-лысы, Арал ауданы, Бек-бауыл станциясында дүниеге келгенмін. 1960-1968 жылдары Бекбау-ыл станциясындағы мек-тепте оқып, білім алдым. 1970-1973 жылдары кеңес армиясы қатарында бо-лып, 1979 жылдан Қазалы ауданындағы ШЧ-40 мекемесіне электромон-тер болып 37 жыл қызмет жасап, бірнеше мәрте басшылықтың алғыс хаттарын иеленіп, 2016 жылы зейнет де-малысына шықтым. 1979 жылы Өтемұратова Әнайыммен бас қосып, дүниеге төрт бала әкелдік. Балаларым-да теміржол саласында қызмет атқаруда. Үлкенім Бақытжан мен кіші ұлым Нұржан ШЧ -40 мекемесінде электромеханик қызметін атқарса, Бауыржан мен Ғалымжан «Қамқорвагон» мекемесінде слесарь, сыр-лаушы мамандығымен еңбек етіп келеді. Балаларым өз алдарына шаңырақ көтеріп, бізге алты немере сүйгізіп отырған отбасы иелері. Олар-да балаларына менен көрген тәрбиесі мен тәлімін үйретіп, ұрпақтарын адал еңбек ету-ге баулып жүргені көңіліме қуаныш сыйлайды. Келіндерім де ибалы, инабатты жандар болып кездесті.

Аллаға шүкір, әулетіміздің ауызбіршілігі, ағайынның арасындағы татулық, бір-бірімізге деген қамқорлық әкеміздің қанымен, анамыздың сүтімен бойымызға дарыған асыл қасиет. Әрқайсымыздың адам ретінде қалыптасып, ешкімнің ала жібін аттамай, ел ағасы болып отырғанымыз осы кісілердің тәрбиесі. Ата-анамыздың рухын құрметтеп, бауырларымыздың ауызбіршілігімен ата-анамызға арнап үлкен ас беріп, әке- шеше алдындағы бір парызымызды өтегендей және ұрпақтарымызға өнеге болғандай болдық. Әкеден балаға жалғасқан әулетімізбен темірдей тәртібі бар, үлкен жауапкершілікпен ыждағаттылықты талап ететін теміржол саласында қызмет еткенімізді мақтан етемін» - дейді ардагер теміржолшы.

Біздің мақсатымыз-берекесі мен бірлігі жарасқан өнегелі, өрісті әулетті жұртшылыққа таныту, әке жолын жалғап келе жатқан еңбек адамдарын дәріптеу. Қазақ елінің әрбір отбасы бақ-дәулетті, мерейлі бол-са, егемендігіміздің де еңсесі биіктей түседі.

Роза ШОРАҚЫЗЫ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пай-да болған жерлерге та-мырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел даму-шы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясын-да жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын ке-суде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауа-зымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

М е м л е к е т т і к қызметшілердің сыбай-лас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік

ұстанымының төмен бо-луы әсер ететін бол-са керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбай-лас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта-танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбай-лас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы са-лауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттер мен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға тара-лу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу ке-рек. Ол үшін аталған дертке көп болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Консти-туциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Алмат ӘБІЛХАН,
«Майлыбас» ауылдық
округінің әкімі**

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ЕГІЗ ҰҒЫМ

Өнер – сарқылмайтын қазына. Ол адам бойындағы тұнған талант. Туа бітті адам бойында дарындылық бола-ды. Ал оны ары қарай қолға алып жетілдірсе ол талантқа айналады. Адам өнерді әр қырынан көрсетеді. Бірі сурет салу арқылы көрсетсе, енді бірі ән айтып немесе би билеу арқылы көрсете алады. Халық музыкасында қалыптасқан әншілік, күйшілік өнерлердің де өзіндік болмысы бар. Өнер-өмірде болған оқиғаларды өзгертіп, түрлендіріп енгізу.

Адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін туынды. Өнердің-құдіреті шексіз. Өнер адам өміріндегі ерекше орын алатын құбылыс. Өнерлі адамның өмірі қуаныш пен қызыққа толы бола-ды. Өнер – адамның рухани азығы. Халықтың бүгіні мен

болашағы десек те артық айтқанымыз емес. Халқымыз өз еркіндігін алып, ұлт болып қалыптасқалы қазақ өнері қарыштап алға басуда. Адам бойындағы өнерді шыңдайтын асыл қасиеттер-күш-жігер, ақыл мен талант. Мәдениет пен өнерді өрбітіп, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыру жолында талантты дарын иелері бар күш-жігерлерін салуда. Қарап тұрсақ, өнерлі адам жан-жағына шуақ ша-шып, өзіне ғана емес, өзгеге де бақыт сыйлайтын секілді.

Бауыржан Момышұлының: «өнер-адамның рухани азығы, ол халықтың бүгіні мен келешегі, арманы мен қиялы, жалпы болмысы» дегеніндей, ең бастысы адам баласының жақсы өмір сүруі –өнердің ең биік шыңы болмақ.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

АЛТЫН ТОЙ ИЕЛЕРІ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Дана халқымызда: «Отан-отбасынан басталады» деген тағылымы мол даналық сөз бар. Расында да Отанды сүйе тәрбиелейтін бірден-бір орта, ол-отбасы. Отбасында жарасым, сүйіспеншілік, мейірім болса ғана шаңырақ биік құрылып, керегесі кең болады. Кең құрылған шаңырақтың отағасы мен отанасының сөзі мен ісі бір жерден шығып, өмірлік қағидалары мен көзқарастары бір болған жағдайда, ол отбасының алмайтын жауы болмайды. Мен сөз еткелі отырған отбасы жарты ғасыр бірге қол ұстасып, өмірге бірнеше перзент әкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, олардан немере сүйіп, мәуелі бәйтерекке айналған Әйтеке би кентінің тұрғындары: Омаров Мақсат әкеміз бен Ұлзия анамыз. Өнегелі өмірімен көпке үлгі болған Омаров Мақсат Сералыұлы 1952 жылдың 2 қаңтарында Қызылорда облысына қарасты Қазалы ауданының қазіргі Ү.Түктібаев ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Мақсат Сералыұлының балалық шағы заманның қиын кезеңімен тұспа-тұс келді. Өзінен кейінгі іні-қарындастарына қамқор болып, еңбек жолына ерте араласты. Мақсат әкеміз алғашқы еңбек жолын 1969 жылы небәрі 17 жасында «Октябрь» совхозында бөлімше механигі

болып бастап, Жаңақазалы пәселкесінің «Селхозхимия» автобазасында көп жылдар бойы аға механигі болып жалғастырды. Еңбек жолының соңғы кезеңдерін аудандық су шаруашылығында механик қызметімен тәмамдап, 2021 жылы зейнет демалысына шықты.

«Жолы болар жігіттің, жары өзіне лайық»- дегендей, ағамыз 1974 жылы Ұлы Отан соғысының ардагері Манау Жаңайұлының кенже қызы Ұлзия апамызбен бас қосты. Ұлзия анамыз 1954 жылы 3 қазанда бұрынғы «Октябрь», қазіргі Ү.Түктібаев ауылында дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, ата-анасының үлгі-өнегесін көріп өскен Ұлзия апамыз ибалы келін, адал жар, үлгілі ана бола білді. «Ұлақылды хошкөрмес-ата үлгісін көрмесе, қызы жартып ас бермес-ана үлгісін көрмесе» дегендей, анамыз өмірге әкелген бес перзентіне қазақы тәлім-тәрбие беріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауды, әке сыйлап, ана құрметтеуді бойларына сіңірді. Міне, сол тәрбиенің жемісі болар, бүгінде үйдің үлкенінің сөзін басшылыққа алып, сыйластық танытқан кішіні, өзінің ізіне ерген бауырларына мейрімділік көрсеткен ағаны көріп, үлкен әулеттің жарасымды ауызбіршілігіне тәнті боласың. Ата-ананың үнемі ай-

тар мақалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сөз ұрпақтарының бойына дарып, ағамыз бен анамыздан тараған ұл қыздары: Бәймен, Жадыра, Гүлжазира анасының жолын қуып, ауданның кәсіпкерлік саласын дамытып келе жатқан белгілі жеке кәсіпкерлер. Келіні Өтегенова Лиза Қ. Сәтбаев атындағы №216 мектепте мұғалім болса, отбасының кенжесі Гүлназ медицина саласы бойынша провизорлық қызмет атқарып, отбасымен Түркістан облысы, Жетісай қаласында тұрады. Мерейлі отбасының тұрмыстағы тірліктің өзгелерге өнеге боларлықтай. Ұл-қыздары сүйікті мамандықтарын игеріп, бір-бір әулеттің ұйытқысына айналған. Біздің кейіпкеріміз Омаровтар әулетінің қос бәйтерегі Мақсат ағамыз бен Ұлзия апамыз жарты ғасыр бірге қол ұстасып, отбасылық өмірдің ащысы мен тұщысын бірге көтеріп, өсірген ұл-қыздарынан он үш немере сүйген бақытты ата-әжелер.

Жақында отбасы күніне орай,



Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлы Нәлібаевтың қабылдауында болып, отбасқандарына 50 жыл деген арнайы неке куәлігімен сый-сыяпат иеленді. Бүгінде елу жыл бір шаңырақ астында көпке үлгі боларлықтай өмір сүріп келе жатқан Мақсат ағамыз бен Ұлзия апамызға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеп, ұлықты ұрпағымен мың жасаңыз, Сіздердің жұбайлық өмірлеріңізді барша жастарға жұғысты етпей деп тілек айтамын.

Роза АСАНОВА,
Қазалы аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдық пен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда

жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық. Дегенмен, бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқалықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас - жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп

бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясын-да жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам

болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Берекет САРСЕНБАЕВ,
«Шәкен» ауылдық округінің әкімі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалған сөз жеткізу, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасы пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы

зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н д а қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз.

Сондықтан да Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң м е м л е к е т т і к саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық

амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Бүгінгі таңда, «Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша құқықтық оқытулар өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында мақалалар жарияланды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде қабылданып, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, елішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

**Рахымжан
БЕРДІМҰРАТ,
«Сарыкөл» ауылдық
округінің әкімі**

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі: -көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

-мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

-мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

-мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

-мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

-мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге мыналар жатады:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер;

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізу;

3. Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу;

4. Патогендік биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттар мен оларға қосымшаларды беру, қолданысын қалпына келтіру, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтату;

5. "Денсаулық сақтау саласында дезинфекция, дезинсекция, дератизация бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

Мемлекеттік қызметті алуға жергілікті жердің халыққа қызмет көрсету орталықтары және Elicense.kz ақпараттық жүйесі арқылы өтініш жіберуге болады.

**С.ТЕНЕЛ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.